



**"Жеке тұлғалардан алынатын табыс салығын есептеу және төлеу тәртібі туралы"
N 40 Нұсқаулығына өзгерістер мен толықтырулар**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті 1997 жылғы 29 желтоқсандағы N 1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 13 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 61. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"
Қазақстан Республикасының

K010209_

Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа
енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына
сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

29. "Жеке тұлғалардан алынатын табыс салығын есептеу және төлеу
тәртібі туралы" N 40 Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды бекіту
туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің
1997
жылғы 29 желтоқсандағы N 1

V970061_

бұйрығы.

"Жеке тұлғалардан алынатын табыс салығын есептеу
және төлеу тәртібі туралы"

№ 40

V950073_

Нұсқаулығына өзгерістер мен толықтырулар

1. III тарауда

15-т. "и" тармақшасындағы "борыштар" деген сөз "талаптар" деген сөзбен ауыстырылсын.

17-т; "г" тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"г) ашық акционерлік қоғамдардың бағалы қағаздарын сату кезінде инфляцияға орай түзетулерді ескерген жағдайдағы құнның өсімімен түскен табыс;"

17-тармақ мынадай мазмұндағы "д" және "е"-тармақшаларымен толықтырылсын:

"д) заңды тұлға-резидентке қатысу үлесін сатудан жеке адамдар алған,

15 проценттік түпкілікті ставка бойынша салық салынатын табыс;

е) шаруашылық жүргізуші субъектілердің кәсіпкерлік қызметке қатысы жоқ шаруашылық жүргізуші субъектінің таза табысы есебінен алынған, 15 процент ставка бойынша салық салынатын тікелей және жанама табыстары."

2. IV тарауда

20-тармақта "кредиттер бойынша 50 процент" деген сөздер "кредиттер бойынша 100 процент" деген сөздермен ауыстырылсын.

21-тармақтың мәтініндегі "борыштарға", "күмәнді борышы" деген сөздер тиесінше "талаптары", "күмәнді талабы" деген сөздермен ауыстырылсын.

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Амортизацияға жататын негізгі құрал-жабдықтар амортизациялаудың мынадай шекті нормаларымен топтарға бөлінеді:

топ		Амортизацияның шекті
нөмірі	Мүліктің атауы	нөмірі, процентпен

1. Компьютерлер, шекті құрылғылар және		30
деректерді өңдеу жөніндегі жабдықтар;		

2. Труба құбырлары; мұнай-газ құбырлары,	25
пайдалы қазбаларды өндіру мен өңдеуші	
пайдаланатыны жабдықтар, машиналар мен	
тетіктер	
3. Жолдарда пайдалануға арналған	20
автотрактор техникасы; арнайы аспаптар,	
құрал-саймандар мен керек-жарақтар	
4. Жеңіл автомобильдер; такси;	
Автомобиль көлігінің жылжымалы құрамы:	
жүк автомобильдері, автобустар, арнаулы	
автомобильдер мен автотіркемелер.	
Машиналар мен жабдықтар:	
өнеркәсіптің барлық салалары,	
күю өндірісі үшін;	
ұста-пресс жабдықтары;	
электрондық жабдықтар;	
құрылыс жабдықтары;	
ауыл шаруашылық машиналары	
мен жабдықтары. Кеңсе жиһазы	15
5. Басқа топтарға енгізілмеген	10
амортизацияланатын активтер	
6. Темір жол, теңіз және өзен көлік	
құралдары. Қуат машиналары мен жабдықтары:	
жылу-техникалық жабдықтар	
турбиналық жабдықтар, электр	
двигательдері мен дизель	
генераторлары.	
Электр тарату және байланыс құрылғылары	8
7. Үйлер, ғимараттар, құрылыстар	7

Салық төлеушілер өз қалауы бойынша кез-келген салық жылында амортизацияның өзге нормаларын қолдануға құқылы, бірақ бұл шекті нормалардан аспауы тиіс."

26-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар бойынша жүзеге асырылған" деген сөздер "салық төлеушілер өз бетінше жылына бір рет инфляция деңгейінің шегінде жүзеге асыратын" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. V тарауда

45-тармақтың 1 және 6-тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

- 1) 15 еселенген жылдық есептік салық салынатын табыс сомасынан көрсеткішке дейін 5 процент
- 2) 15 еселенгеннен 30 еселенген 15 еселенген жылдық есептік жылдық есептік көрсеткішке көрсеткіштен алынатын салық дейін сомасы+ одан асатын соманың 10 проценті
- 3) 30 еселенгеннен 65 еселенген 30 еселенген жылдық есептік жылдық есептік көрсеткішке дейін көрсеткіштен алынатын салық сомасы+одан асатын соманың 15 проценті
- 4) 65 еселенгеннен 130 еселенген 65 еселенген жылдық есептік жылдық есептік көрсеткішке дейін көрсеткіштен алынатын салық сомасы+одан асатын соманың 20 проценті
- 5) 130 еселенгеннен 350 еселенген 130 еселенген жылдық есептік жылдық есептік көрсеткішке дейін көрсеткіштен алынатын салық сомасы+одан асатын соманың 25 проценті
- 6) 350 еселенген жылдық есептік 350 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен бастап және одан көрсеткіштен алынатын салық жоғары сомасы+одан асатын соманың 30 проценті

46-тармақ мынадай мазмұндағы 13-азат жолмен толықтырылсын:

"1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы ставкаларының өзгеруіне байланысты 10-а-қосымшасында осы Нұсқаулықтың 45-тармағында көзделген ставкалар бойынша табыс салығын есептеу мысалы келтірілген".

46а-тармағындағы "жеке тұлғалар төлейтін" деген сөздер "жеке тұлғалар алатын сыйақы (мүдде)" деген сөздермен ауыстырылсын.

46б-тармағы мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"46б. Шаруашылық жүргізуші субъектілері қызметкерлерінің кәсіпкерлік қызметпен байланыссыз, шаруашылық жүргізуші субъектінің таза табысының есебінен алынған тікелей немесе жанама табыстарына төлем кезінде 15 процент ставка бойынша салық салынады."

63-тармақтағы 2-азат жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте бағаланған сома салық салынатын табысқа кірмейді".

65-тармақтағы "беру кезінде" және "берілетін" деген сөздерден кейін "

ағымдағы" деген сөзбен толықтырылсын.

65-тармақтың екінші азат жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескерту. Ағымдағы активтер - N 2 бухгалтерлік есептің стандартында белгіленген активтер".

66-тармақтың "в" тармақшасындағы "төлеу кезінде 15 проценттік ставка бойынша салық салынатын" деген сөздер алынып тасталсын.

4 . I X т а р а у д а

68-тармақтың "а" тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"а) еңбек шарты (келісім-шарты) бойынша немесе мердігерлік (жалдау) шарты бойынша жұмыс істейтін жеке тұлғаларға жасалған төлемдер.

Ескерту. Осы Нұсқаулықтың 16-тармағында көрсетілген мүліктен басқа жеке тұлғалар өзінің жеке пайдалануы үшін сатып алған мүліктерді сатудан түсетін сомаға табыс салығы салынбайды.

Жеке тұлғалардан олардың еңбегіне (немесе қызмет көрсетуіне) ақы төлеу түрінде берілетін өнім (тауар) сатып алынған кезде еңбекке және көрсетілген қызметке заттай ақы төлеу кең тарағанын ескере отырып, жеке тұлға осы өніммен жалақы төлеу (немесе оның қызметіне ақы төлеу) және шаруашылық жүргізуші субъектінің өзінен табыс салығы ұсталған фактісін растайтын анықтама тапсырған жағдайда оған төленетін сомадан табыс салығы ұсталмайды.

Өнімді (тауарды) сатушы жеке тұлғалар табыс ететін анықтаманың дұрыстығына жауап береді.

Жеке тұлғалар жасаған барлық төлемдер және төленген сомалардан алынған табыс салығының ұсталған сомалары туралы деректерді шаруашылық жүргізуші субъекті жеке тұлғаның толық реквизитін көрсете отырып, өзі тіркелген жеріндегі салық органына жібереді".

68-тармақтың "д" тармақшасындағы "ұтыстар" деген сөзден кейін "жеке тұлғалар алған сыйақы (мүдде)" деген сөздермен толықтырылсын.

76-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды және жеке тұлғалар:

а) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті актілеріне сәйкес салық есебі бойынша құжаттама жүргізуге;

б) салық есебі жөніндегі құжаттаманы қағаз, электрондық немесе магниттік көздерде 5 жыл бойы сақтауға міндетті."

81-тармақтың б)-азат жолы мынадай редакцияда жазылсын:

б) "есептік құжаттамада тауарларды (жұмысты, қызмет көрсетулерді) есепке алу мен сату жөніндегі операцияларды көрсетпегені үшін аталған тауарлар (

жұмыстар, қызмет көрсетулер)".
81-тармақтың "в" тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"в) белгіленген мерзімде жеткілікті негіздемесіз салық декларациясын табыс етпеген жеке тұлғаға декларацияның табыс етпеген әрбір айыбы үшін төлеуге тиісті, бірақ декларация бойынша төленбеген соманың 5 проценті мөлшерінде айыппұл салынады.

"в" және "г" тармақшалары тиесінше "г" және "д" тармақшалары болып есептелінсін.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Әдістеме Кеңесімен келісілген
1997 жылғы 26 желтоқсандағы N 19 хаттама
10-А-қосымша

Төлем көздерінен ұсталатын жеке тұлғалардың табыс салығын тең есептеу бойынша есеп

Салық жылының	Табыс салығының сомасы					
	Алынған табыстың сомасы	Айлық есептік көрсеткіштің шегерімі	Нақтылы табысқа салық салынатын	Қайта есептеу коэффициенті	сома г3-г5	
	ағымда.жыл	ағымда.жыл	ағымда.жыл	ағымда.жыл	ағымда.жыл	ағымда.жыл
	ғы ай	ғы ай	ғы ай	ғы ай	ғы ай	ғы ай
	үшін бері	үшін бері	үшін бері	үшін бері	үшін бері	үшін бері
қаңтар	23000	23000	630	630	22370	12
ақпан	23000	46000	630	1260	44740	6
наурыз	23000	69000	630	1890	67110	4
сәуір	25000	94000	640	2530	91470	3
мамыр	25000	119000	640	3170	115830	2,4
маусым	25000	144000	640	3810	140190	2
шілде	27000	171000	650	4460	166540	1,71
тамыз	27000	198000	650	5110	192890	1,5
қыркүйек	27000	225000	650	5760	219240	1,33
қазан	30000	255000	660	6420	248580	1,2
қараша	30000	285000	660	7080	277220	1,09

желтоқсан 30000 315000 660 7740 307260 1

Жиыны 315000 7740 307260

Салық Табыс салығының сомасы

жылының |

айлары | Жылдық | Есептік | Өткен | Өткен | Ағымдағы айда

| салық | табыстың | кезең | кезеңде | ұстауға жататыны

| салынатын | ставкасы | үшін | ұсталғаны | гр 10-гр 11

| кірістің | бойынша | табыс | |

| есептік | табыс салығы | салығынан | |

| сомасы | (кесте | алынатын | |

| гр 6х гр 7 | бойынша) | гр 9: гр 7 | |

1 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12

қаңтар	268440	22851	1904	-	1904
ақпан	268440	22851	3808	1904	1904
наурыз	268440	22851	5713	3808	1904
сәуір	274410	23746	7915	5713	2202
мамыр	277992	24284	10118	7915	2203
маусым	280380	24642	12321	10118	2203
шілде	284783	25302	14797	12320	2476
тамыз	289335	25985	17323	14797	2526
қыркүйек	291589	26323	19792	17323	2469
қазан	298296	27329	22774	19792	2982
қараша	302932	28025	25711	22774	2937
желтоқсан	307260	28674	28674	25711	2963

Жиыны 307260 28674 28674

Ескерту: 1. 7-бағандағы көрсетілген қайта есептеудің коэффициенті айлардың тиісті күнін 12 санға бөлу жолмен есептелген, мысалы, мамырда коэффициент 2,4 (12:5) тең.

2. Есепте салық жылына арналған республикалық бюджет туралы Заңмен бекітілген айлық есептік көрсеткіш пайдаланылуы керек.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК